

ӘОЖ 80

ГТАХР 16.21.33

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.023>

КӨРКЕМ-ӘДЕБИ ДИСКУРСТАҒЫ ҚАЛА БЕЙНЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ

*Сартбаева Э.К.¹, Жұмағұлова Б.С.², Исмаилова Ф.Е.³

*^{1,2,3}Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада тақырыптың өзектілігін анықтайтын когнитивті лингвистика теориясының заманауи бағыттары саласындағы зерттеулердің болашақтағы перспективасын анықтау аспектісінде көркем-әдеби дискурстағы қала бейнесін зерттеудің әдістері мен тәсілдеріне талдау жүргізу басты мақсат етіп алынды.

Көркем әдебиеттегі урбанистік тақырыпты зерттеуге арналған көптеген еңбектерге аналитикалық шолу жасаудың нәтижесінде негізгі тәсілдер ретінде *пәнаралық, әдебиеттану, мәдениеттану, когнитивті-концептуалдық* және эмпирикалық материалды талдаудың әртүрлі әдістері мен қағидаты алынды. Анықтамалық әдіснама негізінде зерттеулер жүргізу өз өнімділігін көрсеткеніне қарамастан, автордың әлемді көркем қабылдауы мен адам қызметінің әртүрлі жақтарын көрсететін әдебиеттегі қала бейнесін кешенді феномен ретінде айқындауда бұл зерттеулерге лингвистикалық аспектіге, яғни талданған мағыналарды пішімдеудегі тілдің рөлін ашып көрсетуге жеткілікті көңіл бөлінбегендігі байқалды. СІТУ/ГОРОД/ҚАЛА концептісін әртүрлі құрылымдық күрделі менталдық конструкт ретінде (радиалды құрылым, фрейм, гештальт, когнитивті матрица) және оның тілдік репрезентациясын, негізінен лексикалық деңгейде, қарастыратын когнитивті-концептуалдық тәсіл өзекті саналады. Алайда бұл тәсіл когнитивтік модельдер мен сызбаларды, сондай-ақ мағыналарды қалыптастырудағы сәйкес келетін тілдік механизмдерді тереңдете зерттеуді қажет етеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы көркем шығармадағы СІТУ/ГОРОД/ҚАЛА концептісін тілдегі әлем мен әлем туралы білімді интерпретациялау когнитивті теория аясында, сондай-ақ М.М. Бахтиннің хронотоп теориясы шеңберінде зерттеудің қажеттілігі жөніндегі түйіндеулерден көрінеді. М.М. Бахтиннің хронотоп теориясы романның ұйымдастырушылық орталығы ретінде СІТУ/ГОРОД/ҚАЛА концептісінің көркем нарративтегі КЕҢІСТІК-УАҚЫТ-ОҚИҒА байланысын біріктіретін Кеңістік-Уақыт-Континуум хронотопының концептуалдық құрылымындағы кеңістік компоненті ретінде жүзеге асуын зерттеуге негіз болады.

Мақалада салыстырмалы-салғастырмалы, сыни талдау және модельдеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы – хронотоп теориясы, когнитивті лингвистика, когнитивті поэтика және когнитивті

стилистика негізінде интегративті зерттеу мүмкіндіктерін көрсету және нәтижелерін академиялық мақсатта қолдану болып табылады.

Тірек сөздер: қала бейнесі, СІТУ/ГОРОД/ҚАЛА концептісі, көркем дискурс, когнитивті лингвистика, әдебиеттану, лингвомәдениеттану, пәнаралық тәсіл, хронотоп, мәдениеттанулық талдау, концептуалдық талдау

Кіріспе

Қала бейнесі көркем әдеби шығармаларда жиі кездеседі. Жазушылар өз туындыларында қаланы көркем әлемнің бір бөлшегі ретінде қарастырып, оны жеке тәжірибесінің негізінде, қиялы мен шығармашылығы аясында көркем безбендейді. Әдебиетте қала тақырыбының кеңінен көрініс тапқандығына *шетелдік қаламгерлер* (Ч.Диккенс, Б.Дизраэли, У.М.Теккерей, У.Вордсворт, Дж. Китс, Д.Г.Лоуренс, С.Д.Селвон, А.К.Дойл, Дж.Голсуорси, Т.Худ, Дж.Элиот, Дж. Джойс, В. Вульф, О. де Бальзак, Э.Золя, К.Лемонье, В.Б.Ибаньес, Т.Фонтане, Ш.П.Бодлёр, Ф.Кафка, Г.Гессе), *орыс әдебиетіндегі «натуралдық мектеп» өкілдері* (Н.В. Гоголь, Н.А.Некрасов, Ф.М.Достоевский, М.Е.Салтыков), *қазіргі заманғы шетелдік жазушылар* (П. Акройд, О. Памук, И.Кальвино, П.Шнайдер, У.Кольбе, Т.Хеттхе, К.Рохас-Хаузер, Ф. Кучер, Р.Йиргель, С.Регенер, Дж. Евгенидис, Х.Мураками, С.К.Руис), *орыс жазушылары* (С.Шаргунов, Р.Сенчин, О.Славникова), сондай-ақ *қазақстандық жазушылар мен ақындардың* (Ә.Кекілбаев, Т.Әбдік, Д.Нақыпов, Т.Сәукетаев, А.Кемелбаева, О.Бөкей, Ж.Жақыпбаев, Н.Бәдіғұл, Г.Салықбай, Е.Раушанов, С.Ақсұңқарұлы, Қ.Дәулеткерей, Р.Нұрбай, С.Сағынтай) өз шығармаларында қала бейнесін түрлі қырынан суреттегендігі дәлел бола алады.

Мақаланың *мақсаты* – түрлі әдіс-тәсілдерді талдау арқылы СІТУ/ГОРОД/ҚАЛА концептісінің көркем-әдеби дискурстағы жүзеге асуын зерделеу, сондай-ақ осы саладағы болашақ зерттеулердің перспективаларын анықтау болып табылады. Көркем әдебиеттегі қала бейнесін зерттеуге арналған ғылыми еңбектерді талдау нәтижесінде шетелдік, ресейлік және қазақстандық ғалымдар жұмыстарында: *пәнаралық, әдебиеттану, мәдениеттану және когнитивті-концептуалдық* сынды негізгі тәсілдер қолданғандығы айқындалды; мақалада осы тәсілдердің аналитикалық шолу жасау аясында қарастырылады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

СІТУ/ГОРОД/ҚАЛА концептісінің көркем шығармадағы жүзеге асырылуын зерттеу барысында салыстырмалы-салғастырмалы, сыни талдау және модельдеу әдістері қолданылды. Зерттеу материалы ретінде шетелдік, ресейлік және қазақстандық ғалымдардың көркем-әдеби дискурстағы СІТУ/ГОРОД/ҚАЛА концептісі бағытындағы еңбектері алынды.

Талқылау және нәтижелер

1. Көркем-әдеби дискурстағы қала бейнесін зерттеудегі пәнаралық тәсілі.

Шетелдік ғалымдар қолданатын кең таралған тәсілдердің бірі – қала бейнесін әртүрлі мәнмәтіндерде және олардың түрлі құрамында зерттейтін пәнаралық тәсіл: *философиялық, мәдени, тарихи, әдеби, лингвистикалық, семиотикалық және нарратологиялық* аспектілер болып табылады. Соның ішінде, көркем әдебиеттегі қала бейнесінің тарихи, мәдени және әдеби аспектілері Л. Яньнің еңбегінде талданған. Зерттеуші әлем әдебиетінің астаналары: Лондон, Нью-Йорк, Париж, Дублин, Санкт-Петербург және Римді әртүрлі дәуірлер мен мәдени өзгерістердің символы ретінде қарастырады. Мысалы, Уильям Шекспир үшін Лондон – мәдени сахна болса; Чарльз Диккенс шығармаларында Лондон қараңғылықпен байланыстырылады. Нью-Йорк қаласы Драйзер, Уортон және Фицджеральд туындыларында өмірлік трагедиялар символына айналған. Бальзак пен Гюгонның Парижі әлемдік мәдениеттің символына айналып, тек француз емес, өзге елдердің жазушыларына да шабыт береді: *«Whether it's April in Paris or Paris in the fall, the French capital has inspired writers at all times of year throughout its history»* [1]. Париж қаласының бай мәдени мұрасы, көркем келбеті, әйгілі нысандары мен суретшілердің жаңашыл идеялары француз және эмигрант жазушыларға мол шығармашылық серпін сыйлады. Пушкин, Гоголь және Достоевскийдің романдарында Санкт-Петербург маңызды элемент ретінде көрінеді. Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза» романында Санкт-Петербург кейіпкерлердің ішкі сезімдерін айқындайтын психологиялық элементке айналған. Тарихи ұлылығымен Рим көптеген жанрларға шабыт көзі болса, Дублин үмітсіздіктің символы ретінде қабылданады [2]. Л.Яньның зерттеуі айырмашылықтар қайшылығын салыстырмалы түрде зерттеуге негізделгенін бағамдадық.

Ағылшын ғалымы Дж.Тамблинг өз зерттеуінде XIX ғасыр әдебиетінде көрініс тапқан үш ірі қала: Лондон, Париж, Санкт-Петербург бейнелерін П.Верлен, О.Бальзак және Ф.М.Достоевский романдары мен поэзиясы негізінде салыстырмалы түрде қарастырады [3]. Қалалар *«trompe l'oeil»* метафорасы арқылы сипатталады, бұл француз тілінде «көз алдау» немесе *«шындық елесі»* деген мағынаны білдіреді. Осы метафора арқылы қалалардың әдеби бейнесі мен олардың оқырман санасындағы қабылдануы арасындағы шекаралар зерделенеді.



Сызба 1 – «*Trompe l'oeil*» метафорасының Лондон, Париж және Санкт-Петербург қалаларының әдеби бейнесін жасаудағы рөлі (Дж. Тамблинг зерттеуі негізінде)

Аталған мақалада Дж.Тамблинг Лондон, Париж, Санкт-Петербург қалаларының бейнелеріндегі ұқсастықтарды «*trompe l'oeil*» («көз алдау», «шындық елесі») метафорасы арқылы аналогия қағидаты негізінде анықтайды. Зерттеушінің пайымдауынша, бұл қалалардың әрқайсысы қоғамдық қабылдау мен шынайылықтың өзара қатынасына ықпал ететін кеңістік болып табылады. Мұндай манипуляциялар аталған қалаларда орын алып жатқан құбылыстарға қатысты жалған түсініктердің қалыптасуына алып келеді. Осы тұрғыда автор жалпылама философиялық категория – құбылыс пен мәннің арақатынасын ашады: аталған үш қаланың да бейнесі тұрақтылық пен үйлесімділіктің елесін тудырғанымен, шын мәнінде терең

ішкі дағдарыстары мен әлеуметтік мәселелерді бүркемелейді. Дегенмен, қала бейнесін ашуға арналған түрлі тәсілдер мен олардың үйлесімдері, сондай-ақ әдістердің кең ауқымына қарамастан, қарастырылған пәнаралық зерттеулерде лингвистикалық аспектінің жеткіліксіз бағалануы байқалады.

2. *Көркем-әдеби дискурста қала бейнесін әдебиеттану тұрғысынан зерттеу тәсілі.*

Шетелдік, ресейлік және қазақстандық ғалымдардың әдебиеттегі қала бейнесін әдебиеттану тұрғысынан зерттеу тәсілдері де нәтижелі деуге болады. Зерттеушілер Н.Х.Альсаид пен М.Такур өз еңбектерінде көркем туындылардағы Лондон бейнесіне қатысты көзқарастарды зерделейді [4,5]. Авторлар Лондон қаласының ерекшеліктерін өз шығармаларында сол заманның әдеби бағыттарына сәйкес ашады:

– *романтизм* дәуірінен бастап, жазушылар У.Вордсворт, Дж.Китс, У.Блейк табиғат, үйлесімділік пен ішкі әлем бейнесі тақырыптарын, сондай-ақ сұлулық пен пәктіктің ғайып болуы мәселесін көтереді;

– *сыншыл реализм* дәуірінде Ч.Диккенс Лондонды кедей және ластанған қала ретінде суреттеп, әлеуметтік құрылымның әділетсіздігі, әлеуметтік орта мен жеке тұлғаға әсері, күйініш, алдамшы әсерлердің жоғалуы, сондай-ақ буржуазиялық мораль мен екіжүзділіктің сыналуды баса айтылады;

– *модернизм* әдебиетінде Д.Лоуренс, В.Вульф, Дж.Оруэлл Лондонды рухани құлдырау, субъективті қабылдау және адамның ішкі әлемі бейнесі ретінде көрініс табатынын сипаттаған. Сонымен қатар, бірінші дүниежүзілік соғыс және «жоғалған ұрпақ» мәселесі, жалғыздық, жатсыну және бейберекетсіздік сияқты тақырыптар қамтылған;

– *постмодернизм* әдебиетінде С.Селвон, Н.Гейман екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Лондонды бөтен, таныс емес, сиқырлы қала ретінде бейнелеп, абсурд мәселелері мен деколонизация процесіне тап болған қала ретінде сипаттайды.

Бұл тәсілді әдебиеттану тұрғысынан сипаттауға болады, себебі ол Лондон бейнесін Англиядағы тарихи-әдеби үдеріс кезеңдері мәнмәтінде типологиялық және салыстырмалы-контрастивті әдістер арқылы бейнелеуде нәтижелілік көрсетеді. Алайда, зерттеушілерге лингвистикалық аспектіні толық ашу мүмкіндігі іске аспаған және жоғарыда аталған мағыналарды қалыптастырудағы тілдің рөлі толық ашылмаған.

Ал, қазақ жазушыларының қала бейнесін қабылдау, сипаттау ерекшеліктері М. Аманғазықызы, М. Оразбек, А. Темірболат, А. Ишанова зерттеулерінде бағамдалған.

Қала моделін талдауда әдебиеттану тәсілін қолдана отырып, кейіпкерлердің әлеуметтік және жеке дағдарыстарға тап болу мәселесі М.Аманғазықызы еңбектерінде пайымдалған [6].

Қала кейіпкерлерінің типологиясын ажыратып көрсету де ғалымдар назарынан тыс қалмаған деуге толық негіз бар [7].

А.Темірболат өз мақаласында жазушы Т.Сәукетаевтың «Мен - жындымын» шығармасындағы қаланың жалғыздық, жатсыну және ішкі дағдарыстың символдық бейнесін ашады, заманауи мегаполиске тән қасиеттерді көрсетеді [8]. А.К.Ишанова өз еңбегінде урбанистік тақырыпты зерттей отырып, дәстүрлі көшпелі қоғам мен урбанизацияланған әлемнің өзара әрекеттесуіне назар аударады, мұнда қала жауласушы және күйретуші кеңістік ретінде бейнеленеді [9]. Бұған Ж.Аймауытовтың «Әнші» атты әңгімесіндегі «Жетішатыр» (Семей) қаласының бейнесі мысал бола алады: *«Жетішатыр – жақсы қала. Қаптап жатқан қазақ. Жазы-қысы – қымыз, ойын-сауық – «кататься». Айт, той, құдалық, ат жарыс, күрес. Маскүнем, Төбелес. Үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық... Жаз шықса пароход, паром, желқайық, жасыл арал, қалың орман... Көкке шыққан, гүләйтсоққан, масайраған шат көңіл... Сырнай-керней... Қызық думан... Қайткенмен сергек қала»* [10]. Әңгімеде қалалық кеңістік бойкүйездік пен жеңілтектіктің және ұлттық рухтың әлсіреуін бейнелейтін әлеуметтік-мәдени символ ретінде көрініс табады. Қалалық өмір адамды рухани тұрғыдан әлсіретіп, оны ауылдық, дәстүрлі өмір салтының табиғи негіздерінен алыстататын үздіксіз ойын-сауық түрінде суреттеледі.

Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде салыстырмалы-контрастивті әдіс айқын көрінеді: қала теріс көзқарас деңгейінен, әр түрлі аспектіде қарастырылып, дағдарыс, жатсыну кеңістігі ретінде суреттеледі және ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарға, ауыл өміріне қарсы қойылады. Қала бейнесін әдебиетте бейнелеуге арналған көптеген көркем шығармалар урбанизация дәуірінде (1990-2000 жж.) жазылған, бұл кезең Кеңес Одағының ыдырауынан кейінгі кезеңге жатады. Осы уақытта экономикалық және әлеуметтік мәселелерге байланысты ауыл тұрғындарының қалаларға жаппай көшуі және қалалық мәдениетке бейімделуі мен ерекшеленеді.

3. Көркем-әдеби дискурстағы қала бейнесін зерттеудегі мәдениеттану тәсілі.

Қала бейнесін зерттеудегі мәдениеттану тәсілін қолданған зерттеушілердің еңбектері сан алуан. Соның ішінде, Л.Н.Набилкина өз зерттеуінде «өзіндік» және «басқа» мәдениеттердегі қаланы қабылдаудағы қарама-қайшылықтарды талдайды, қала бейнесінің гуманистік (жарқын, қуанышты, оптимистік көзқарас) және дегуманизацияланған (қараңғы, суық және жауластырушы көзқарас) екіжақты қарама-қайшылығына назар аударады [11].

4. Ресейлік және қазақстандық ғалымдардың CITY/ГОРОД/ҚАЛА концептісін көркем-әдеби дискурста зерттеудегі когнитивті-концептуалдық тәсілі.

Көптеген ресейлік және қазақстандық ғалымдар көркем-әдеби дискурстағы CITY/ГОРОД/ҚАЛА концептісінің жүзеге асырылуын зерттеуге елеулі үлес қосты. Олардың зерттеу жұмыстарында CITY/ГОРОД/ҚАЛА концептісінің әртүрлі құрылымдық типтеріне жасаған талдауы

ұсынылған: *өзек (ядро) мен периферия* теориясына негізделген радиалды құрылымның талдауы: (А.Ф.Ибраева, Е.Ю.Макеева, С.А.Голева), *фреймдік талдау* (Н.Г.Сичинава, А.С.Әділова), *фреймдік-геишальттық талдау* (В.Ю.Прокофьева), сондай-ақ *когнитивті матрицаның талдауы* (С.Қалиев және Б.С.Жұмағұлова).

Ғалымдар С.Қалиев пен Б.С.Жұмағұлова ЛОНДОН концептісін кеңістік-уақыттық лингвомәдени код арқылы зерттеп, когнитивті-матрицалық модельдеу (Н.Н.Болдырев) мен лингвомәдени кодтар жүйесін (М.В.Пименова) біріктіреді. Зерттеуде П.Акройдтың шығармасындағы ЛОНДОН концептісінің когнитивтік-матрицалық құрылымы талданады. Олар лингвомәдени кодтардың (антропоморфтық, темпоралды, вегетативтік, рухани, әлеуметтік, химиялық және т.б.) бірігуі арқылы қаланың кеңістіктік-уақыттық бейнесін ашады. Авторлар уақыттық кодқа ерекше назар аударады, онда 1) *«Measure of time»*; 2) *«Axiological aspect of time»* сияқты аспектілер талданады [12]. Бұл тәсіл әдебиеттегі қала бейнесін қабылдауда уақыт пен жадының әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен, CITY/ГОРОД/ҚАЛА концептісінің көркем шығармада жүзеге асырылуын зерттеудің бұл тәсілі өзекті әрі нәтижелі болып табылады, себебі ол когнитивті лингвистиканың негізгі қағидаты – тілдің когнитивті қабілет ретіндегі рөлін және оның антропоөзектілік табиғатын тілдегі әлемнің концептуализациясы мен категоризациясы үдерістері арқылы ашады. Алайда зерттеушілердің еңбектеріндегі концептуалды талдау тек концептіні тілдік тұрғыда бейнелеу құралдарын, негізінен лексикалық құралдарды ғана талдаумен шектеледі, ал когнитивтік модельдер мен сызбалар, сондай-ақ мағына түзуге қатысатын тиісті тілдік тетіктер ашылып көрсетілмейді.

Сонымен қатар, көркем-әдеби дискурстағы қала бейнесі CITY/ГОРОД/ҚАЛА концептісіне қатысты зерттеулерге жасалған аналитикалық шолу қаланың нарративтік баяндаудағы урбанистік кеңістік ретіндегі рөліне қатысты белгілі бір олқылықты айқындайды. Көтеріліп отырған мәселе тұтас көркем шығарманың хронотоптық құрылымымен байланысты. Оның шешімі бұл мақалада М.М.Бахтиннің хронотоп теориясына негізделген зерттеуді қажет етеді деп түйінделеді. Хронотоп түсінігі М.М.Бахтиннің анықтамасы бойынша *«формально-содержательная категория литературы, отражающая «слияние пространственных и временных примет в осмысленном и конкретном целом»* деп айқындалады [13, 235 б.]. Яғни, ғалым хронотоптың сюжетті қалыптастырушы, жанрды түзуші және бейнелеуші функцияларын, сондай-ақ, романның ұйымдастырушылық өзегі ретіндегі маңызын атап көрсетеді: *«Все абстрактные элементы романа – философские и социальные обобщения, идеи, анализы причин и следствий и т.п. – тяготеют к хронотопу и через него наполняются плотью и кровью, приобщаются художественной образности. Таково изобразительное значение хронотопа»* [13, 399 б.].

М.М. Бахтин теориясы аясында Н. Болдырев, Б. Жұмағұлова және Д. Құрманбаева еңбектерін ерекше атап көрсету қажет. Бұл зерттеушілер алғаш рет Кеңістік-Уақыт Континуумы ұғымын хронотоптың концептуалдық өзегі ретінде айқындаған. Ғалымдар аталмыш терминді қолдануды хронотоп құрылымын кеңейту мақсатында оған қосымша **ОҚИҒА** ұғымын енгізу арқылы негіздейді. Оқиға кеңістік пен уақыт шегінде жүзеге асатын, баяндаудың негізгі әрекеттік және мағыналық өзегін қалыптастыратын элемент ретінде түсіндіріледі. Кеңістік-Уақыт Континуумының барлық құрамдас бөліктері **концепт** ретінде қарастырылып, олардың байланысы **КЕҢІСТІК-УАҚЫТ-ОҚИҒА** арқылы сипатталады [14].

Бұл романдағы CITY/ГОРОД/ҚАЛА концептісін хронотоп теориясы аясында, нақтырақ айтқанда, Кеңістік-Уақыт-Континуум хронотопының концептуалдық құрылымында кеңістік компоненті ретінде зерттеуді жүзеге асыруға негіз бола алады. Кеңістік-Уақыт-Континуум ұғымы М.М. Бахтин ұсынған «*хронотоп*» теориясын тереңдете түсіп, уақыт пен кеңістіктің өзара байланысын, олардың тұтастығы мен оқиғалық құрылымдағы өзара тәуелділігін айқындайды.

Мұндай тәсіл аталған салада зерттеудің келешектегі мүмкіндіктерін антропоэзектілік ғылыми парадигмасы аясында когнитивті лингвистика мен когнитивті поэтиканы біріктіру арқылы ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Тілдің антропоэзектілік табиғаты оның коммуникативті және когнитивті сияқты базалық функцияларымен қатар, *интерпретациялаушы* функциясының жүзеге асуынан айқын көрінеді. Тілдің интерпретациялаушы функциясын бөліп көрсету мен оны зерттеудің негіздемесі тілдегі әлем мен әлем туралы білімді интерпретациялау теориясынан көрініс тапқан. Ғалым Н.Н. Болдыревтің зерттеуі бойынша «языковая интерпретация это - вид познавательной активности, процесс и результат понимания и объяснения человеком мира и себя в этом мире, процесс и результат репрезентации мира, основанный, с одной стороны, на коллективных представлениях о мире, а с другой - на личном опыте взаимодействия с ним» [15]. Демек, Н.Н. Болдыревтің пікірінше, адамның қоршаған әлемді қабылдау ерекшелігі, оны тану мен түсіну нәтижелерін санада ұғыну және тілдік формада бейнелеу үрдісі тілдің интерпретациялаушы функциясымен тікелей сабақтас болып табылады.

Аталған теорияға сәйкес, біздің зерттеу нысанымызға қатысты алғанда, CITY/ГОРОД/ҚАЛА концептісі роман хронотопының құрамдас бөлігі ретінде урбанистік кеңістікті бейнелей отырып, әлем туралы білімнің іріктеу, жіктеу және бағалануы нәтижесінде тың мағыналарды қалыптастыратын жеке авторлық интерпретацияның бөлімі болып табылады. Бұл тәсіл өз кезегінде М.М.Бахтин түсінігіндегі автордың шығармашылық тұлға ретіндегі рөлін және оның мағынаны түсінудегі белсенділігін дәлелдей түседі. Сонымен қатар, зерттеушілер үшін М.М.Бахтиннің пайымдауында көрініс тапқан тілдік интерпретацияның когнитивті теориясы мен хронотоп

теориясы арасында өзара байланыс орнайды: «...всякое вступление в сферу смыслов (романа) совершается только через ворота хронотопов» [13, 406 б.].

Қорытынды

Бұл мақалада қала бейнесін сомдау және СІТУ/ГОРОД/ҚАЛА концептісін көркем-әдеби дискурста жүзеге асыру мәселелеріне бағытталған зерттеулерге жасалған аналитикалық шолу арқылы *пәнаралық, әдебиеттану, мәдениеттану және когнитивті-концептуалдық тәсілдер* сынды негізгі әдістемелік тәсілдер анықталды. Сонымен бірге, бұл тақырыптық саладағы эмпирикалық материалды талдаудың түрлі әдістері: *контрастивті және типологиялық әдістер, модельдеу әдісі, концептуалдық талдау әдісі, сондай-ақ, аналогия қағидаты* қолданылған. Айта кететініміз, айқындалған әдістемеге негізделген зерттеулердің өзектілігі мен нәтижелілігі, өйткені олардың әрқайсысы көркем дискурстағы урбанистік тақырыпты дамытуға өз үлесін қосады.

Шетелдік ғалым қала бейнесін зерттеуде *пәнаралық тәсілдің* маңыздылығын атап көрсетеді. Ол *мәдени, тарихи* және *әдеби* аспектілерді түрлі үйлесімде біріктіреді. Мұндай тәсіл қала кеңістіктігін адам қызметі мен қабылдауының түрлі қырларын бейнелейтін кешенді құбылыс ретінде зерттеуге мүмкіндік береді. Дегенмен, қала бейнесін ашуға арналған түрлі тәсілдер мен олардың үйлесімдері, сондай-ақ әдістердің кең ауқымына қарамастан, қарастырылған *пәнаралық зерттеулерде лингвистикалық* аспектінің жеткіліксіз бағалануы байқалады.

Әдебиеттану тәсілі аясында зерттеушілер қала бейнесін сипаттауда әрбір әдеби бағытқа тән ортақ қағидалар мен өлшемдерді анықтайды. 1990-2000 жылдардағы қазақ прозасында қала негізінен ішкі қайшылықтар тудыратын, әлеуметтік мәселелерді бейнелейтін және ұлттық бірегейліктің қалыптасуына ықпал ететін кеңістік ретінде көрініс табады. Бұл тәсілдің тарихи-әдеби процесс кезеңдерін көркем шығармаларда ашудағы сәттілігіне қарамастан, лингвистикалық аспект зерттеушілер тарапынан жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған және тілдің жоғарыда аталған мағыналарды қалыптастырудағы рөлі толық ашылмаған.

Қала бейнесін зерттеудегі *мәдениеттану тәсілі* оны мәдени және әлеуметтік өзара байланысын қабылдау ерекшеліктерін бейнелейтін көпқырлы мәдени құбылыс ретінде қарастырады. Бұл тәсіл қала бейнесін оның мәдени символикасы, әлеуметтік құрылымы, мәдени-тарихи контексті мен баяндалу формалары тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік береді.

Когнитивті-концептуалдық тәсіл көркем проза мен поэзиядағы СІТУ/ГОРОД/ҚАЛА концептісінің әртүрлі құрылымдық түрлерін талдау арқылы ұсынылады. Бұл бағытта ресейлік және қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде концептінің *өзек (ядро) пен периферия теориясына* негізделген радиалды құрылымы, *фреймдік талдау, геишальттық талдау және когнитивті матрица талдауы* қолданылған. Бұл когнитивті

лингвистиканың тілдің когнитивтік қабілет ретіндегі рөлі, яғни дүниені тіл арқылы концептуализациялау мен категоризациялау үдерістері туралы негізгі қағидасын ашады. Алайда бұл тәсіл когнитивті модельдер мен сызбаларды зерттеу құралдарын, сондай-ақ тың мағыналар қалыптастыруға қатысатын тілдік тетіктерді тереңірек зерделеуді талап етеді, зерттеу негізінен тек концептінің тілдік (негізінен лексикалық) құралдармен көрініс табуын талдаумен шектеліп қалмауы керек деп есептейміз.

Сонымен қатар, аналитикалық шолудың нәтижелері көрсеткендей, көркем шығармадағы CITY/ГОРОД/ҚАЛА концептісін талдауға арналған жоғарыда аталған тәсілдер урбанистік кеңістіктің көркем-әдеби дискурс хронотопының құрылымдық компоненті ретіндегі рөлін толық көлемде ашып көрсетпейтінін айқындайды және осы тұрғыда М.М. Бахтин ұсынған хронотоп тұжырымы әрі қарай тереңдетіп зерттеуді қажет етеді.

М.М.Бахтиннің теориясы хронотопты романның ұйымдастырушылық орталығы ретінде, оның сюжеттік, жанрлық және бейнелеу функцияларына негізделе отырып, романдағы CITY/ГОРОД/ҚАЛА концептісін хронотоп теориясы шеңберінде, нақтырақ айтқанда оны КЕҢІСТІК-УАҚЫТ-ОҚИҒА байланысын біріктіретін Кеңістік-Уақыт-Континуум хронотопының концептуалдық құрылымындағы кеңістік компоненті ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, бұл шолу тілдік интерпретацияның когнитивті теориясы аясында одан әрі зерттеудің перспективаларын да айқындады, ол автордың шығарманы жасаушы ретіндегі рөлін және урбанистік шындықты көркем тұрғыдан пайымдаудағы оның белсенділігін, сондай-ақ романдағы әлемді интерпретациялаудың авторлық моделіндегі бірегей кеңістіктік-уақыттық-оқиғалық компоненттің қалыптасу үдерісін ашып көрсетеді. Аталған теорияға сәйкес, біздің зерттеу нысанымызға қатысты алғанда, CITY/ГОРОД/ҚАЛА концептісі роман хронотопының құрамдас бөлігі ретінде урбанистік кеңістікті бейнелей отырып, әлем туралы білімнің іріктеу, жіктеу және бағалануы нәтижесінде тың мағыналарды қалыптастыратын жеке авторлық интерпретацияның бөлімі болып табылады. Осылайша, бұл мақала көркем-әдеби шығармада CITY/ГОРОД/ҚАЛА концептісінің жүзеге асуын хронотоп теориясы, когнитивті лингвистика, когнитивті поэтика және когнитивті стилистика аясындағы интегративті тәсіл негізінде зерттеудің болашақ бағытын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Gerrard M. (Harold Bloom Ed.). Literary Places (Paris). – Philadelphia: Chelsea House Publishers, 2005. – P.18

[2] Yan L. An Analysis of the Relationship Between City and Literature in Harold Bloom's Literary Places // International Journal of English Linguistics. School of Foreign Languages, Yancheng Normal University. – 2021. – Vol. 11, No. 6. – Pp.140-143.

[3] Tambling J. *Trompe l'oeil Effects: Paris and London*, Manchester University, Synergies Royaume-Uni et Irlande n° 3 – 2010. – Pp.197-209.

[4] Alsaeed N.H. *London in the Visions of Literature*, College of Arts, Jouf University, Aljouf, Saudi Arabia // *Journal of Literature and Art Studies*. – 2021. – Vol. 11, No. 1. – Pp.13-20.

[5] Thakur M. *The City in Literature: Urban Spaces and Identities*, Assistant Professor, Faculty of Arts & Humanities, ISBM University, Gariyaband, Chhattisgarh, India, *Elementary Education Online*. – 2021. – Vol 20 (Issue 5). – Pp. 9374-9381.

[6] Аманғазықызы М. Қазіргі қазақ прозасындағы қала моделі және ұлттық ментальділік: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Нұрсұлтан, 2021. – 111б.

[7] Аманғазықызы М., Оразбек М.С., Қалалық прозадағы кейіпкерлер типологиясы // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. “Филология Ғылымдары” сериясы. – 2025. – No. 1 (76). – Б. 478-494.

[8] Темирболат А.Б. Особенности развития казахской прозы в период независимости, // *Керуен*. – 2023. – №1, 78-том. – С.24-38.

[9] Ишанова А.К. *Урбанистическая поэтика в мировой литературе: автореф, дисс. д. филол. н.: 10.01.01*. – М.: Изд-во МГУ, 2012. – 17 с.

[10] Аймауытов Ж. «Әнші» әңгімесі. https://adebiportal.kz/kz/news/view/zusipbek-aimauytov-ansi_24355

[11] Набилкина Л.Н. *Город как культурологический феномен в русской, американской западноевропейской литературах: автореф.дис. ...д.культ.н.* – Иваново, 2014. – 54 с.

[12] Kaliev S., Zhumagulova B.S. The concept “London” as a temporal code of linguoculture in the literary and regional work of Peter Ackroyd “London: the biography” // *IJASOS- International E-Journal of Advances in Social Sciences*. 2018. – Vol. IV, Issue 10. – Pp.149-155.

[13] Бахтин М.М. *Формы времени и хронотопа в романе* // *Вопросы литературы и эстетики*. – Москва: Художественная литература, 1975. – С. 234-407.

[14] Болдырев Н.Н., Жумагулова Б.С., Курманбаева Д.Т. Когнитивные основы реализации жанровых признаков романа (на примере произведения Кадзуо Исигуро “Never Let Me Go”) // *Вопросы когнитивной лингвистики*. – 2021. – №3. – С. 5-20.

[15] Болдырев Н.Н. *Язык как интерпретирующий фактор познания* // *Интерпретация мира в языке. Коллективная монография*. – Тамбов: ТГУ, 2017. – С. 19-80.

REFERENCES

[1] Gerrard M. (Harold Bloom Ed.). *Literary Places (Paris)*. – Philadelphia: Chelsea House Publishers, 2005. – P.18

[2] Yan L. *An Analysis of the Relationship Between City and Literature in Harold Bloom’s Literary Places* // *International Journal of English Linguistics*.

School of Foreign Languages, Yancheng Normal University. – 2021. – Vol. 11, No. 6. – Pp.140-143.

[3] Tambling J. Trompe l’oeil Effects: Paris and London, Manchester University, Synergies Royaume-Uni et Irlande n° 3 – 2010. – Pp.197-209.

[4] Alsaed N.H. London in the Visions of Literature, College of Arts, Jouf University, Aljouf, Saudi Arabia // Journal of Literature and Art Studies. – 2021. – Vol. 11, No. 1. – Pp.13-20.

[5] Thakur M. The City in Literature: Urban Spaces and Identities, Assistant Professor, Faculty of Arts & Humanities, ISBM University, Gariyaband, Chhattisgarh, India, Elementary Education Online. – 2021. – Vol 20 (Issue 5). – Pp. 9374-9381.

[6] Amanžazyqyzy M. Qazırgı qazaq prozasındaǵy qala modelı zhäne ultiyq mental’dılk [The Urban Model and National Mentality in Contemporary Kazakh Prose]: Filosofiya doktory (PhD) därezhessin alu üshin dajyndalğan dissertaciya. – Nürsultan, 2021. – 111b. [in Kaz.]

[7] Amanžazyqyzy M., Orazbek M.S., Qalalyq prozadaǵy keipkerler tipologiasy [Typology of Characters in Urban Prose] // Abylai han atyndaǵy QazHQA TU Habarşysy. “Filologia Ğylymdary” seriesy. – 2025. – No. 1 (76). – B. 478-494. [in Kaz.]

[8] Temirbolat A.B. Osobennosti razvitiya kazahskoj prozy v period nezavisimosti [Features of the Development of Kazakh Prose in the Period of Independence] // Keruen. – 2023. – №1, 78-том. – S.24-38. [in Rus.]

[9] Ishanova A.K. Urbanisticheskaya poetika v mirovoj literature [Urban Poetics in World Literature]: avtoref. diss. d. filol. n.: 10.01.01. – M.: Izd-vo MGU, 2012. – 17 s. [in Rus.]

[10] Ajmauytov ZH. «Ənshi» əngimesi [The Story ‘The Singer’]. https://adebiportal.kz/kz/news/view/zusipbek-aimauytov-ansi__24355 [in Kaz.]

[11] Nabilkina L.N. Gorod kak kul’turologicheskij fenomen v russkoj, amerikanskoj zapadnoevropejskoj literaturah [The City as a Cultural Phenomenon in Russian, American, and Western European Literature]: avtoref dis. ... d.kul. nauk. – Ivanovo, 2014. – 54 c. [in Rus.]

[12] Kaliev S., Zhumagulova B.S. The concept “London” as a temporal code of linguoculture in the literary and regional work of Peter Ackroyd “London: the biography”, IJASOS- International E-Journal of Advances in Social Sciences, Vol. IV, – Issue 10, April 2018. – Pp. 149-155.

[13] Bahtin M.M. Formy vremeni i hronotopa v romane [Forms of time and chronotope in novel] // Voprosy literatury i estetiki. – M.: Hudozhestvennaya literatura, 1975. – S. 234-407. [in Rus.]

[14] Boldyrev N.N., Zhumagulova B.S., Kurmanbayeva D.T. Kognitivniye osnovy realizatsii zhanrovyykh priznakov romana (na primere proizvedeniya Kazuo Ishiguro ‘Never Let Me Go’ [Cognitive foundations of the realization of genre features of a novel (based on Kazuo Ishiguro’s novel “Never let me go”)] // Issues of cognitive linguistics. – 2021. – №3. – S. 5-20. [in Rus.]

[15] Boldyrev N.N. Yazyk kak interpretiruyushchij faktor poznaniya

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ИССЛЕДОВАНИЮ ОБРАЗА ГОРОДА В ХУДОЖЕСТВЕННО-ЛИТЕРАТУРНОМ ДИСКУРСЕ

*Сартбаева Э.К.¹, Жумағұлова Б.С.², Исмаилова Ф.Е.³

^{*1,2,3} Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

Аннотация. В данной статье ставится *цель* – провести анализ существующих подходов и методов к изучению образа города в художественно-литературном дискурсе в аспекте определения дальнейших перспектив исследования в этой области в русле новейших теорий когнитивной лингвистики, что определяет *актуальность* темы статьи.

В *результате* аналитического обзора многочисленных работ, посвященных изучению урбанистической тематики в художественной литературе, в качестве основных подходов были выявлены: *междисциплинарный, литературоведческий, культурологический и когнитивно-концептуальный*, а также разнообразные методы и принципы анализа эмпирического материала. Несмотря на продуктивность исследований на основе выявленной методологии, раскрывающей образ города в литературе как комплексный феномен, отражающий различные стороны человеческой деятельности и художественного восприятия мира автором, отмечается недостаточное внимание лингвистическому аспекту в этих исследованиях, то есть раскрытию роли языка в форматировании анализируемых смыслов. Актуальным является когнитивно-концептуальный подход, который изучает концепт СІТУ/ГОРОД/ҚАЛА как ментальный конструкт различной структурной сложности (радиальная структура, фрейм, гештальт, когнитивная матрица) и его языковую репрезентацию, в основном на лексическом уровне. Однако данный подход требует дальнейшего изучения инструментария когнитивных моделей и схем, а также соответствующих языковых механизмов формирования смыслов.

Научная новизна данного исследования заключается в выводе о необходимости исследования концепта СІТУ/ГОРОД/ҚАЛА в художественном произведении в русле когнитивной теории интерпретации мира и знаний о мире в языке, а также в рамках теории хронотопа М.М. Бахтина. Теория М.М. Бахтина о хронотопе как об организационном центре романа дает основание для исследования реализации концепта СІТУ/ГОРОД/ҚАЛА в романе как пространственного компонента в концептуальной структуре хронотопа Пространственно-Временной-Континуум, интегрирующего ПРОСТРАНСТВО-ВРЕМЯ-СОБЫТИЕ художественного нарратива.

В статье были использованы *методы* сравнительно-сопоставительного и критического анализа, а также метод моделирования.

Теоретическая и практическая значимость исследования состоит в обосновании дальнейшей перспективы исследования в этой области на интегративной основе с позиций теории хронотопа, когнитивной лингвистики, когнитивной поэтики и когнитивной стилистики, а также в возможности использования результатов исследования в академических целях.

Ключевые слова: образ города, концепт CITY/ГОРОД/ҚАЛА, художественный дискурс, когнитивная лингвистика, литературоведение, лингвокультурология, междисциплинарный подход, хронотоп, культурологический анализ, концептуальный анализ

MODERN APPROACHES TO THE STUDY OF THE IMAGE OF THE CITY IN ARTISTIC AND LITERARY DISCOURSE

*Sartbayeva E.K.¹, Zhumagulova B.S.², Ismailova F.E.³

*^{1,2,3} Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The *purpose* of this article is to analyse contemporary approaches and methods of studying the image of the city in artistic and literary discourse in the context of determining the future prospects for research in this field in accordance with the latest theories of cognitive linguistics, which defines the *relevance* of the topic of the article.

As a *result* of analytical overview of numerous scientific studies examining urban themes in works of literary fiction, the following main approaches have been identified: *interdisciplinary, literary, linguocultural and cognitive-conceptual*, as well as various methods and principles of empirical analysis. Despite the productivity of research based upon the identified methodology exploring the image of the city in literature as a complex phenomenon, revealing the various aspects of human activity and the author's artistic perception of the world, it has been stated that such studies do not draw sufficient attention to linguistic aspect, namely the role of language in shaping the analysed meanings. The most relevant approach is the cognitive-conceptual approach, which studies the concept of the CITY/ГОРОД/ҚАЛА as a mental construct consisting of several levels of structural complexity (radial structure, frame, gestalt, cognitive matrix) and as its linguistic representation, primarily at the lexical level. However, this approach requires the further examination of an entire set of cognitive models and schemes, as well as the corresponding linguistic mechanisms of meaning formation.

The *scientific novelty* of this study lies in the necessity of examining the concept of the CITY/ГОРОД/ҚАЛА in literary works in accordance with the cognitive theory of linguistic interpretation of the world as well as M. M. Bakhtin's chronotope theory. M.M. Bakhtin's theory of the chronotope as the organizational centre of the novel provides a basis for the realization of the concept of the CITY/ГОРОД/ҚАЛА within a novel as a spatial component in

the conceptual structure of the Space-Time-Continuum chronotope, integrating the SPACE-TIME-EVENT of a literary narrative.

The article used *methods* of comparative-contrastive and critical analysis, as well as the method of modelling.

The *theoretical and practical significance* of this study lies in the substantiation of further research prospects in this field on an integrative basis, from the perspectives of chronotope theory, cognitive linguistics, cognitive poetics and cognitive stylistics, as well as in the potential of further use of the results of the study for academic purposes.

Keywords: image of the city, concept of CITY/CITY/ҚАЛА, artistic discourse, cognitive linguistics, literary studies, linguocultural studies, interdisciplinary approach, chronotope, linguocultural analysis, conceptual analysis

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 09.07.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.12.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Сартбаева Элеонора Курмангалиевна – м.ф.н., докторант, аға оқытушы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-5223-5376>, e-mail: scorpio_es@mail.ru

Жумағұлова Батима Садыковна – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-8658-2336>, e-mail: youumbs@mail.ru

Исмаилова Фатима Есмагамбетовна – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0002-7780-2418>, e-mail: fatima.ismailova176@gmail.com

Информация об авторах:

Сартбаева Элеонора Курмангалиевна – м.ф.н., докторант, старший преподаватель, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-5223-5376>, e-mail: scorpio_es@mail.ru

Жумағұлова Батима Садыковна – кандидат филологических наук, профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0001-8658-2336>, e-mail: youumbs@mail.ru

Исмаилова Фатима Есмагамбетовна – доктор филологических наук, профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0002-7780-2418>, e-mail: fatima.ismailova176@gmail.com

Information about authors:

Sartbayeva Eleonora Kurmangalievna – m.ph.s., PhD student, senior

teacher, Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-5223-5376>, e-mail: scorio_es@mail.ru

Zhumagulova Batima Sadykovna – Candidate of Philological Sciences, Professor, Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-8658-2336>, e-mail: youmbs@mail.ru

Ismailova Fatima Esmagambetovna – Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0002-7780-2418>, e-mail: fatima.ismailova176@gmail.com